

№ 1 әдістемелік кеңестің хаттамасы

29.09.2023

Қатысқаны: 14

Тақырыбы: «2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері»

Күн тәртібінде:

1. Тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыруың ерекшеліктері (әдіскер *И.А.Джанадилова*);
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу(әдіскер *И.А.Джанадилова*);
3. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласы педагогтерінің басты міндеттері (әдіскер *И.А.Джанадилова*);
4. Перспективалық жоспар, циклограммалар үлгілері (әдіскер *И.А.Джанадилова*);
5. Баланың жеке даму картасының үлгісі (әдіскер *И.А.Джанадилова*).

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ:

1.Бірінші сұрақ бойынша әдіскер И.А. Джанадилова тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыруың ерекшеліктері туралы айтты:

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін :

- 1) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларының 1-қосымшасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29329 болып тіркелген) (бұдан әрі –Үлгілік қағидалар) [15];
- 2) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі Стандарт) [2];
- 3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 17 қаңтарда № 8275 тіркелді) (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары) [3];
- 4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі –Үлгілік оқу бағдарламасы) [4];
- 5) Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

- қауіпсіз (заттардың қауіпсіздігі мен жиһаздардың орнықты орналасуы);

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында және мектептердің мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру ұсынылады.

Дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны - балалардың заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және күні бойы немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, олардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта.

Дамытушы заттық-кеңістіктік ортаға қойылатын жалпы талаптар:

- мазмұнды (заттар мен ойыншықтар, кітаптар, материалдар, құралдардың балалардың жасына және Үлгілік бағдарлама мазмұнына сәйкес болуы);

- бай болуы (барлық тәрбиеленушілердің ойын, шығармашылық, зерттеу, танымдық әрекеттері мен қимыл белсенділігін соның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытуға, қимылды ойындарды ұйымдастыруға, балаларға қолжетімді материалдармен соның ішінде құммен, сумен эксперимент жасауға жабдықтардың (топта, дәлізде, ойын алаңында да) болуы);

- қолжетімді (барлық балалар соның ішінде ерекше білімді қажет ететін балалар үшін білім беру әрекеті жүзеге асырылатын барлық топ бөлмесі, кабинеттер, дәліздердегі ойындар, ойыншықтар, материалдар, құралдардың қолжетімділігі);

- вариативті (ойын әрекеті, шығармашылық әрекетке, оңаша болуға және басқаларға аймақтардың болуы, сондай-ақ түрлі материалдардың, ойындар, ойыншықтардың және жабдықтардың болуы);

- көп атқарымды (балалар жиһаздарын, жұмсақ модулдерді, театрландырылған қойылымдарға арналған шымылдық және басқаларды түрліше қолдану мүмкіндігі, топта балалардың түрлі әрекеттерінде қолдануға болатын табиғи материалдардың, ойындарда қолданатын алмастырушы заттардың болуы);

- өзгермелі (балалардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне және тәрбиелеу-білім беру процесінің мазмұнына сәйкес ортаны өзгерту мүмкіндігі).

Дамытушы заттық-кеңістіктік орта:

- Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етуі;

- балалардың жастарына сәйкес болуы;

- тәрбиеленушілер, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қолжетімді болуы;

- эмоционалды қолайлық пен баланың жеке басын дамытуға жағдай жасауды (демалыс немесе балалардың оңаша ойнауына арналған орынды және т. б. жабдықтау) қамтамасыз етуі;

- түрлі материалдарға бай, сондай-ақ ересек пен баланың бірге әрекет етуіне және баланың өздігінен әрекет етуіне ыңғайлы болуы тиіс. [24]

Заттық-кеңістіктік дамыту ортасын жақсарту үшін Үлгілік бағдарламаның нұсқаулығын пайдалану ұсынылады.

2.Екінші сұрақ бойынша әдіскер И.А. Джанадилова мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізуді түсіндірді:

Балалардың дамуына мониторинг жүргізуде педагог:

- Стандарт талаптарын;

- Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын;

- Бақылау парақтары мен Баланың жеке даму картасын толтыру тәртіптерін білуі;

- мектепке дейінгі педагогика мен психология әдістерін ;

- мониторинг өткізу әдістері: бақылау, ойын жағдаяттарын кұру, ойын, әңгімелесу, сұрақтар мен жауаптар, бейнелеу әрекеті нәтижелерін зерттеу;

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру деңгейін есептеу әдістерін;

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру қажет.

Мониторинг мектепке дейінгі ұйымдардағы және мектептердің мектепалды сыныптарындағы балаларға жүргізіледі. Мониторингтің критерийлері балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық

дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін:

- 1) дене шынықтыру (ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған бейімделген дене шынықтыру);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілдерде жүргізілетін топтарда);
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет арқылы күні бойы іске асырылатын тәрбиелеу-білім беру процесінің күтілетін нәтижелер болып табылады.

Мониторинг нәтижелерін алу әдістері:

- балаларды ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ойындар кезінде бақылау;
- әңгімелесу;
- балалардың салған суреттерін, қолдан жасаған бұйымдарын талдау және басқалар.

Жетекші әдіс – бақылау, ол балаға табиғи жағдаятта, күнделікті өмірде жүргізіледі.

Мониторинг жылына 3 рет:

- бастапқы – қыркүйекте;
- аралық – қаңтарда;
- қорытынды – мамырда жүргізіледі.

Мониторинг жүргізу ерте жас тобында аралық ал қалған топтарда бастапқы бақылаудан басталады. Осы жастағы балалардың психо-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес аралық және қорытынды мониторинг жүргізу үшін жеке-жеке критерийлер берілген. Ерте жас тобы Үлгілік бағдарлама мазмұнын алғаш рет игеріп отырғандықтан оларда бастапқы бақылау жүргізілмейді.

Басқа топтар (сыныптар) үшін Бастапқы бақылау алдыңғы жастың бақылау парақтарымен жүргізіледі (мысалы, ересек топ үшін ортаңғы топтың бақылау парақтары қолданылады). Ал аралық және қорытынды бақылау жүргізу үшін сол жасқа сәйкес бақылау парақтарымен жүргізіледі. Әрбір бақылауды жүргізу кезінде бақылау парақтарында берілген орынға бастапқы, аралық немесе қорытынды алынып жатқан бақылау кезеңін жазып қою қажет болады.

3.Үшінші сұрақ бойынша әдіскер И.А. Джанаидилова мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласы педагогтерінің басты міндеттерін түсіндірді:

Топта (мектепалды сыныпта) эмоционалдық жағдайлықты орнату.

Балаларға жылы қабақ таныту, барлық балаға мейірімді, кешірімді болу, олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне құрметпен қарауды, жетістіктеріне қуана білуді, бастамашылдығына қолдау көрсетуді, оларға сенім артуды, әр бала өзін қауіпсіз сезінуі үшін, мұнда оны жақсы көретініне, оған қамқорлық жасайтынына сенімді болуды, баланың жеке басына құрмет көрсетуді және т.б.білдіреді. Балалардың ұлтына, әлеуметтік статусына, психофизиологиялық және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан барлығына бірдей көңіл бөлу және әділ болу.

Құбылмалы әлемде педагогтің үнемі даму, балаларды тыңдай білу, сұрақтар қою, дәлелдер іздеу, оларды сыни тұрғыдан талдау және шығармашылық эксперименттер жүргізу қабілеті маңызды. Педагогтер белсенді зерттеуші және балалармен жұмыс істеудің жаңа нысандарын жасаушы, жанашыл және жауапты болуы тиіс.

Сапалы маңызды өзара іс-әрекет – педагогтің әр баламен жеке қарым-қатынасы, баланың іс-әрекетіне және оның пікіріне шынайы қызығушылықпен қарау, тыңдау, қолдау көрсету, балаға жылы қарым-қатынас көрсету болып табылады.

Педагог келесі функцияларды атқарады:

- перспективалық жоспарды және циклограмманы құрастырады (балалар мектепалды сыныпта болған кезде), «Баланың жеке даму картасын» толтырады;
- ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізеді;
- таңертеңгі қабылдау, таңертеңгі гимнастика, балалар әрекетінің түрлері (ойын, шығармашылық, танымдық, эксперимент жасау, дербес және т. б.), серуен, жеке жұмыс ұйымдастырады;
- балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг (бастапқы, аралық және қорытынды) жүргізеді;
- ата-аналармен балаларды тәрбиелеу мен дамытуды ықпалдастықта жүзеге асырады;
- білім беру ұйымдарында өткізілетін іс-шараларға қатысады; (жиналыстар, педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, конкурстар және т. б.);
- ертеңгіліктерді, мерекелер мен ойын-сауықтарды, спорттық іс-шараларды және т. б. ұйымдастырады және өткізеді.

Бағдарлама мазмұнын іске асыру педагогтен балаларға нұсқаушы ретінде қарауды емес серіктестік қарым-қатынас жасауды, баламен бірге ойнауды, бірлесіп әрекет жасауды көздейді. Сондықтан баламен күнделікті жұмыс жасау барысында өзіне ыңғайлы киімдерді киюге (спорттық, классикалық) болады.

Ертеңгіліктерді, мерекелер мен ойын-сауықтарды ұйымдастыруда дәстүрлі форматта емес балалар қызығатындай олардың түрлі әрекеттері арқылы ойын түрінде жаңа форматта ата-аналарды «көрсермен» ретінде қабылдамай, оларды ұйымдастырушы ретінде тартып өткізу ұсынылады. Аталған шараларда таңдалған ән, би, қойылымдар (хит, той әндері мен билері, балаларды қатыгездікке жетелейтін емес) балалардың жасына сәйкес бастысы тәрбиелік мәні болуы қажет.

Ата-аналарды білім беру процесіне тарту балаларды, ата-аналарды және педагогтерді бір командаға біріктіруге, олардың арасында сенімді қарым-қатынас орнатуға, бір-бірімен өз проблемаларын бөлісуге және оларды бірлесіп шешуге ұмтылуға жағымды әсер етеді. Осы міндетті тиімді іске асыру үшін **«Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту» әдістемелік ұсынымдары** ұсынылады.

Педагогтің міндеті – өзінің түсіндіруіне көп уақыт бөлмей, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, түсіндіруді балалардың өзбетінше ой елегінен өткізіп, сұрақтарға жауап табуына, қолмен жасап, зерттеп, шешім шығаруына мүмкіндік беру. Ол үшін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ойын түрінде түрлі балалар әрекеттерін (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) ұйымдастыру.

4.Төртінші сұрақ бойынша әдіскер И.А. Джанадилова перспективалық жоспар, циклограммалар үлгілерін көрсетіп, түсіндірді:

Перспективалық жоспарды (2 қосымша) Үлгілік оқу жоспары [3] мен Үлгілік оқу бағдарламасына [4] сәйкес тәрбиеші жас тобында жұмыс істейтін педагогтермен (қазақ тілінің мұғалімімен, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) бірлесіп, жасайды. Перспективалық жоспарда балалардың жасына сәйкес Үлгілік бағдарламада берілген міндеттер әрбір айға бөлініп алынады. Педагог міндеттерді балалардың игеруіне сәйкес бірнеше рет қайталап алуға, өзгертуге немесе түрлендіруге болады.

Циклограмма (4 қосымша) әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күнделікті ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Циклограмманың құрылымы *мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібіне* сәйкес құрылады.

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;

- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
- балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы дамытушы заттық-кеңістіктік орта құру.

Ұйымдастырылған іс-әрекет – Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

5.Бесінші сұрақ бойынша әдіскер И.А. Джанадилова баланың жеке даму картасының үлгісін көрсетіп, түсіндірді:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын балалардың меңгеру нәтижесінің индикаторлары мен индикаторлардың түсініктемесі Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, даму деңгейлерін бақылау бойынша әдістемелік ұсынымдарда берілген.

Алынған деректер негізінде Баланың жеке даму картасы толтырылады.

Баланың жеке дамыту картасын толтыру кезінде педагог кестеге дамытушы немесе түзету шараларын, қажет болған жағдайда бақылау нәтижелері бойынша іс-шаралардың екі түрін енгізеді.

Жеке картаны жас тобында жұмыс істейтін басқа педагогтермен (қазақ тілінің мұғалімімен, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) бірлесіп топ тәрбиешісі және мектепалды сыныптың тәрбиешісі дербес толтырады.

Шешімі:

1. Балабақшаның оқыту мен тәрбиелеу жұмысын ұйымдастыруда 2023-2024 о.ж. әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынсын;
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестелері және 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатты негізге ала отырып, күн тәртіптері бекітілсін.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары мен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартын негізге ала отырып, 2 кіші топ, 2 ортаңғы топ, 2 ересек топ болып жасақталсын;

Төрайымы:

Хатшы:



И.А. Джанадилова

А.Р.Таженова